

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства**

**Жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың
қасбетін кірпішпен қаптау жұмыстарын жүргізудің**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**производства работ по облицовке фасадов зданий
кирпичом с применением утеплителя**

ТК 5.02-01-2011

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2011

ТК 4.02-02-2011. Технологиялық карта
ТК 4.02-02-2011. Технологическая карта

Алғы сөз

- | | |
|---|---|
| 1. ӘЗІРЛЕГЕН | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК және ОАО «ОРГСТРОЙ» |
| 2. ҰСЫНҒАН | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті |
| 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 29.12.2011 жылғы №536 бұйрығымен 01.05.2012 жылдан бастап |
| 4. ОРНЫНА | алғашқы рет |

Предисловие

- | | |
|--|--|
| 1. РАЗРАБОТАНЫ | РГП «КазНИИССА» и ОАО «ОРГСТРОЙ» |
| 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 29.12.2011 года №536 с 01.05.2012 года |
| 4. ВЗАМЕН | впервые |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Қолдану саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Жалпы ережелер.....	3
4 Негізгі қолданылатын материалдардың және бұйымдардың сипаттамалары	5
5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы	15
6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	27
7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар.....	31
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	36
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	41

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

ЖЫЛЫТҚЫШТЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ҒИМАРАТТАРДЫҢ ҚАСБЕТІН КІРПІШПЕН ҚАПТАУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Еңгізілген мерзімі 2012. 05.01

1 Қолдану саласы

1.1 Кеукті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау жұмыстарын жүргізудің технологиялық картасы Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдануға арналған қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың (НТҚ) талаптарына сәйкес әзірленген.

1.2 Технологиялық карта құрылысты құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, технологиясы және механикаландыру бойынша ұтымды шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада жылу оқшаулау тақташаларынан жасалған жылытқышты қолдана отырып және бір уақытта сыртқы жағынан сөгінді астында цемент-эк ерітіндісінде керамикалық қапталған кірпішпен қаптай отырып, кеукті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды қалау қарастырылады.

1.4 Технологиялық картада мыналар келтірілген:

- қолдану саласы
- нормативтік сілтемелер
- негізгі қолданылатын материалдардың сипаттамалары
- жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік
- жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау
- еңбек шығындарының калькуляциясы

1.5 Осы технологиялық картада еңбек режимі жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, еңбек бөлінісін ескере отырып, бригада жұмысшыларының арасындағы міндеттерді айқын бөлу кезінде еңбек процестерін орындаудың оңтайлы қарқыны шарттары, жетілдірілген құралды және саймандарды қолдану негізінде қабылданған.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға (НТҚ) сілтемелер пайдаланылды:

ҚР ТЖМ-нің 2011 жылғы 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген Жүк көтергіш крандарды орнату және қауіпсіз пайдалану бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2006 жылғы 8 ақпандағы №35 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі ережелері

ҚР ҚНжЕ 1.03-05-2001	Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.
ҚР ҚНжЕ 1.03-06-2002	Құрылыс өндірісін ұйымдастыру.
ҚР ҚНжЕ 2.02-05-2009	Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.

ҚР ҚНЖЕ 2.04-10-2004	Оқшаулау және әрлеу жабындары.
ҚР ҚНЖЕ 3.02-02-2009	Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар.
ҚР ҚНЖЕ 5.03-37-2005	Көтергіш және қоршау конструкциялары.
МҚН 2.04-02-2004	Ғимараттарды жылулық қорғау.
МСТ 12.1.013-78	ЕҚСЖ. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
МСТ 12.1.046-2002	Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары.
МСТ 12.4.087-84	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық шарттар.
МСТ 12.4.089-86	ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру белдіктері. Жалпы техникалық шарттар.
МСТ 12.4.107-82	ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру арқандары. Жалпы техникалық талаптар.
МСТ 530-2007	Кірпіш және керамикалық тас. Жалпы техникалық шарттар.
МСТ 9416-83	Құрылыс деңгейлері. Техникалық шарттар.
МСТ 9573-96	Жылу оқшаулағыш синтетикалық байламдағы минералдық мақтадан жасалған тақташалар. Техникалық шарттар.
МСТ 18343-80	Кірпішке және керамикалық тасқа арналған поддондар. Техникалық шарттар.
МСТ 21520-89	Қабырғалық ұсақ кеуекті бетондардан жасалған блоктар. Техникалық шарттар.
МСТ 23407-78	Құрылыс алаңдарының және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу учаскелерінің саймандық қоршаулары. Техникалық шарттар.
МСТ 24258-88	Тас төсеу құралдар. Жалпы техникалық шарттар
МСТ 25573-82	Құрылысқа арналған жүк асатын арқан жіптер. Техникалық шарттар.
МСТ 25880-83	Жылу оқшаулағыш құрылыс материалдары мен бұйымдары. Буып-түю, таңбалау, тасымалдау және сақтау.
МСТ 26433.1-89	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлмедәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшемдерді орындау ережесі. Зауытта жасалған бөлшектер.
МСТ 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлмедәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен құрылыстардың параметр өлшемдерін орындау ережесі.
МСТ 28013-98	Құрылыс ерітінділері. Жалпы техникалық шарттар.

Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Құрылыс, монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстарына арналған жекелеген нормалар және бағалар:

ҚР Ж 8-04-1-2010, 1-жинақ, Құрылыс ішілік көлік жұмыстары;

ҚР Ж 8.04-1-2010 3-жинақ Тас жұмыстары

ҚР Ж 8.04-1-2010 4-жинақ Құрама және монолитті темірбетон конструкцияларын монтаждау және орнату;

1-шығарылым – Ғимараттар мен өнеркәсіптік құрылыстар.

Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жай-күйі бойынша жасақталған Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы

Сәулет, қала салу және құрылыс саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің және нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі бойынша НҚА және НТҚ, сондай-ақ, ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша НҚА және НТҚ қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтеме НҚА және НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде НТҚ ауыстырылған (өзгертілген) НҚА және НТҚ-ны басшылыққа алу керек.

Егер сілтеме НҚА және НТҚ ауыстырусыз қабылданбаса, онда оларға сілтеме жасалған ереже бұл сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Жалпы ережелер

3.1 Кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау жұмыстарын жүргізудің технологиялық картасы ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, ҚР ҚНЖЕ 5.03-37 және МҚН 2.04-02 талаптарына сәйкес әзірленген.

3.2 Жұмыстарын жүргізудің шарттары мен ерекшеліктері:

- кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау жұмыстары ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, ҚР ҚНЖЕ 5.03-37, МҚН 2.04-02 көзделген технологиялық талаптар сақтала отырып, жобалау-сметалық құжаттаманың және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындалуы қажет;

- қаптау жұмыстары ҚР ҚНЖЕ 2.04-10 және ҚР ҚНЖЕ 5.03-37 талаптарына сәйкес температуралық жағдайлар сақтала отырып, орындалады;

- жұмыс орындарының жарықтандырылуы МСТ 12.1.046 сәйкес келуге тиіс;

- кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды көтеру және оларды жылытқышты қолдана отырып, кірпішпен қаптау жұмыстары тас төсеу құрал-саймандарымен орындалады;

- тұрғызылатын қабырғаның әрбір кейінгі белдеуін кірпішпен қалау алдыңғы белдеудің кірпішпен қалануының жобалық беріктігі қалыптасқаннан кейін орындалуы керек, жұмысшылардың жаңадан қаланған жермен жүруіне тыйым салынады;

- қалаудағы мәжбүрлі ұзақ үзілістер кезінде жарылуды қиғаш немесе тік штрабтар түрінде орындау қажет;

- жұмыстағы ұзақ үзілістер кезінде және қарқында атмосфералық жауын-шашын кезінде тұрғызылған қаламаның жоғарғы қатарлары ылғалданудан қорғалуға тиіс;

- ылғалды режим НТҚ талаптарына сәйкес келетін іс-шараларды орындау шартымен шектелмеген.

3.3 Осы технологиялық картада қарастырылатын жұмыстардың құрамына мыналар кіреді:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар:

- кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау;

в) қосалқы жұмыстар;

г) қорытынды жұмыстар.

3.4 Технологиялық карта ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 1.03-06, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, ҚР ҚНЖЕ 3.02-02, ҚР ҚНЖЕ 5.03-37, МҚН 2.04-02 талаптарын сақтай отырып және осы технологиялық картаның 2.2 шарттарын сақтай отырып екі ауысымда кеуекті бетоннан

жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау жұмыстарын орындауды көздейді.


3.5 Осы технологиялық картада тас төсеу құралдарын монтаждау және бөлшектеу жұмыстары қарастырылмайды.

3.6 Технологиялық картада тақташалы жылытқыштарды қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптаудың принциптік мәселелері қарастырылған.


Жобада қаптау құрылғысының конструктивтік ерекшеліктері әрбір нақты жағдайда шешіледі.

Технологиялық картаның жұмыстарды жүргізудің нақты объектілеріне және шарттарына байланыстылығы жұмыстардың көлемін, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға, механикаландыру құралдарына, сапаны бақылау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды түзетуге қажеттілік деректерін нақтылауда көрінеді.

Қабырға қоршауының конструктивтік шешімі 1-суретте (жоба бойынша) көрсетілген.



1-сурет – Қабырға қоршауының конструктивтік шешімі (басы)



1-сурет – Қабырға қоршауының конструктивтік шешімі (соңы)

4 Негізгі қолданылатын материалдардың және бұйымдардың сипаттамалары

Ғимараттардың қасбетін қаптау үшін мынадай материалдар мен бұйымдар қолданылады:

4.1 Қаптау кірпіші

Ғимараттардың қасбетін қаптау үшін тығыздығы 1400 кг/м^3 –ден 1600 кг/м^3 -ге дейін F15-F35 беттік керамикалық кірпіш қолданылады.

Кірпіш объектіге көліктің нақты түрінде қолданыстағы жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес көліктің кез келген түрімен жеткізіледі. Кірпішті тасымалдау МСТ 18343 бойынша поддондарда пакеттелген, жылу сақтайтын немесе созылатын үлдірге немесе өнімнің сақталуын қамтамасыз ететін басқа да материалдарға буып-түйілген күйінде жүзеге асырылады.

Әрбір көлік пакетінде көліктік таңбасы болуға тиіс.

Бұйымдар пакетін тиеу және түсіру арнайы жүк ілетін құрылғылардың көмегімен механикаландырылған тәсілмен жүргізілуіне тиіс.

Бұйымдарды бос тиеуге (ақтара тиеу) және оларды лақтырып түсіруге рұқсат етілмейді.

Көлік пакеттері тұтас қатарлардағы бір белдеуге қатты жабыны бар тегіс аландарда сақталады. Пакетті қауіпсіздік талаптары сақтау шартымен екі белдеуден аспайтындай бір-біріне орнатуға рұқсат етіледі.


Жеткізілетін бұйымдардың әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуға

тиіс.


Түсіру кезінде поддондағы керамикалық кірпішті буып ілу схемасы 2-суретте көрсетілген.

Керамикалық кірпіштері бар поддондарды жиып қою схемасы 3-суретте көрсетілген.

Керамикалық кірпішті жұмыс орнына әперу схемасы 4-суретте көрсетілген.




2-сурет – Түсіру кезінде поддондағы керамикалық кірпішті буып ілу схемасы



- 1 – керамикалық кірпіш;
- 2 – поддон

3-сурет – Керамикалық кірпіші бар поддондарды жиып қою схемасы



4-сурет – Керамикалық кірпішті жұмыс орнына әперу схемасы

4.2 Жылытқыш тақталары

Жылу оқшаулағыш қабат үшін жобаға сәйкес жылытқыш тақталары қолданылады.

Жылытқыш тақталарын объектіге жеткізу көліктің нақты түрінде қолданыстағы жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес көліктің барлық түрлерімен жүзеге асырылады.

Тасымалдау, тиеу және түсіру кезінде тақталарды механикалық зақымданулардан қорғауды қамтамасыз ететін шараларды қолдану қажет.

Тақталарды буып-түю, таңбалау, тасымалдау және сақтау МСТ 25880 сәйкес келуге тиіс. Ылғалданудан қорғау үшін тақталар полиэтилен немесе полиэтилен жылу сақтайтын үлдірге буып-түйеді.

Тақталар технологиялық пакетті құрайтын бір немесе бірнеше данадан буып-түйілуі мүмкін. Қолмен тиеп-түсіру кезінде пакет салмағы 15 кг аспауға тиіс. Технологиялық пакеттерге буып-түю кезінде тақталар сақтау және тасымалдау кезінде пакеттің өздігінен ашылуы орын алмайтындай түрде барлық жағынан оралуға тиіс.

Көлік пакеттерін жасақтау үшін пакеттеудің мынадай әралуан құралдарын: МСТ 18343 бойынша байламы бар тегіс поддондарды, сондай-ақ, бір рет пайдаланылатын пакеттеу құралдарын: байламы бар бір рет пайдаланылатын тегіс поддондарды, байламы бар астарлық табактарды қолдану керек. Қағазға немесе үлдірге буып-түйілген тақталар қатарының биіктігі сақтау кезінде 2,0м аспауға тиіс.


Тақталар ашық қоймаларда немесе құрылыс алаңдарында тақталаны атмосфералық жауын-шашыннан және күн шуағы әсерінен қорғайтын жабын астындағы

төсемдерде сақтайды.

Әзірлеуші кәсіпорын тақталар топтамасын сапа туралы құжатпен сүйемелдеуі қажет.


Жылытқыш тақталары бар поддонды буып ілу схемасы 5-суретте көрсетілген.

Жылытқыш тақталары бар поддондарды жиып қою схемасы 6-суретте көрсетілген.



- 1 – поддон;
- 2 – тоқыма арқан жіптер;
- 3 – жылытқыш тақталары;
- 4 – полиэтилен буып-түю үлдірі;
- 5 - байлам

5-сурет – Жылытқыш тақталары бар поддонды буып ілу схемасы



- 1 – поддон;
- 2 – жылытқыш тақташалары;
- 3 - байлам

6-сурет - Жылытқыш тақташалары бар поддондарды жиып қою схемасы

4.3 Кеукті бетоннан жасалған блоктар

Сыртқы қабырғаларды қалау кезінде кеукті бетоннан жасалған блоктар қолданылады.

Блоктар жылу сақтайтын үлдірді қатты бекітумен немесе блоктардың жылжымауын және сақталуын қамтамасыз ететін болат таспамен орап таңумен МСТ 18343 бойынша контейнерлерде немесе поддондарда буып-түйілген түрінде тасымалданады. Әрбір буып-түйілген жерге «Ылғалдан қауіпті» деген белгі қойылады.

Кеукті бетоннан жасалған блоктардың әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болады.

Блоктар өлшемдері, санаттары, беріктігі жөніндегі сыныптары, орташа тығыздығы бойынша блоктарды ылғалданудан қорғайтын ашық қойма үй-жайларында сұрыпталып сақталады. Жиып қою кезінде блоктардың қатарының биіктігі 2,5 м аспауға тиіс.

Кеукті бетоннан жасалған блоктары бар поддонды буып ілу схемасы 7-суретте көрсетілген.

Кеукті бетоннан жасалған блоктары бар поддонды жиып қою схемасы 8-суретте көрсетілген.

4.4 Ерітінді қоспа


Қабырғаларды қалау үшін цементті-эк тұтқырлығындағы қолдануға дайын ерітінді қоспа (ҚДЕҚ) пайдаланылады.

Ерітінді қоспа оларды тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарында

жеткізіледі және ерітінді қоспаны (жоба бойынша маркасы) араластыруға және беруге арналған қондырғыға түсіріледі. Ерітінді қоспаны жеткізудің ең жоғары рұқсат етілетін мерзімі 30 минуттан аспауға тиіс.


Ерітінді қоспа жұмыс орнына құрал-сайман жәшіктерімен әперіледі.

Ерітінді қоспаны тасымалдаудың қолданылатын тәсілдері тұтқыр қамырдың шығындалуына, қоспаның біртектілігінің бұзылуына, қоспаға атмосфералық жауын-шашынның және бөгде қоспалардың түсуіне әкеп соқпауға тиіс, сондай-ақ, қоспаны жолда желдің және күн шуағының әсерінен қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.



- 1 – кеукті бетоннан жасалған блоктар;
- 2 – бұрыш 6 дана.
- 3 – полиэтилен үлдірден жасалған қап;
- 4 – қысқышы бар полипропилен таспа;
- 5 – поддон;


7-сурет – Кеукті бетоннан жасалған блоктары бар поддонды буып ілу схемасы



- 1 – кеукті бетоннан жасалған блоктар;
- 2 – қысқышы бар полипропилен таспа;
- 3 – полиэтилен үлдірден жасалған қап;
- 4 – бұрыш 6 дана.
- 5 – поддон

8-сурет – Кеукті бетоннан жасалған блоктары бар поддонды жиып қою схемасы

Ерітінді қоспа буындарды ауысымды әзірлеу үшін қажетті көлемді жеткізіледі. Бір мекенжайға жіберілетін ерітінді қоспаның әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болады. Ерітінді қоспасы бар жәшікті буып ілу схемасы 9-суретте көрсетілген.



- 1 – ерітінді қоспасы бар жәшік;

9-сурет – Ерітінді қоспасы бар жәшікті буып ілу схемасы

4.5 Арматура

Кеуекті бетоннан жасалған блоктардың қалануын бекемдеу үшін және торды ұстынға бекіту үшін диаметрлері 8 мм және 12 мм АІІ сыныбының өзекті арматурасы қолданылады.

Құрылыс объектісіне арматура шыбықтары типтік өлшемдер бойынша жинақты пакеттермен жеткізіледі. Объектіде үзіліссіз жұмысты қамтамасыз ету үшін үш ауысымға есептеліп арматураның қажетті қоры жасақталады.

Арматура бұйымдарын тасымалдау және жиып қоюды қолданыстағы НТҚ-ға сәйкес орындау керек. Арматура шыбықтарын тасымалдау, тиеу, түсіру кезінде оларды бұзылудан, деформациядан және майысудан қорғайтын шараларды қолдану қажет.

Жиып қою кезінде арматура шыбықтары мен бұйымдары қалыңдығы кемінде 30 мм ағаш төсемге қаланады. Арматура шыбықтары мен бұйымдары қатарының биіктігі 1,5 м аспауға тиіс.

Арматураның әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болады.

Арматура шыбықтары буып ілу және жиып қою схемалары 10-суретте келтірілген.

Кірпішпен қаптай отырып, кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды қалау кезінде С2 Ø5Вр-І 100х100 және С1 Ø5Вр-І 100х100 металл тор қолданылады. Торлардың ені, арматураның диаметр мен адымы, бойлық және көлденең шыбықтардың бос ұштары жобада белгіленеді.

Тор объектіге пакеттерге байланып қойылады.


Торларды тасымалдау және жиып қою қолданыстағы НТҚ-ға сәйкес орындалады.

Торларды әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болады.


Металл торды буып ілу және жиып қою схемалары 11-суретте көрсетілген.

4.6 Міндетті сертификаттауға жататын материалдар мен бұйымдардың сәйкестік сертификаты болуға тиіс.

a)



б)



1 – арматура шыбықтары;


2 – төсемдер;

3 – 2СК арқан жібі


L – арматура шыбықтарының ұзындығы

10-сурет - Арматура шыбықтарын буып ілу және жиып қою схемалары

a)



б)



а – металл торларды буып ілу схемасы;

б – металл торларды жиып қою схемасы

11-сурет Металл торды буып ілу және жиып қою схемалары

5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы

5.1 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Кеукті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау жұмыстары басталғанға дейін:

- жауапты жұмыстарды жүргізушіні тағайындау;
- қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсатнама алу;
- нұсқаулықтарды тіркеу журналына жұмысшылардың қолын қойдырып, еңбекті

қорғау, электр және өрт қауіпсіздігі бойынша жазбасы бар нысаналы нұсқаулықты жүргізу;

- жұмысшыларды жобаның сызбаларымен, құрылысты ұйымдастыру жобасымен (ҚҰЖ), жұмыстарды жүргізу жобасымен (ЖЖЖ), осы технологиялық картамен және таңдап алынған жылытқыш жүйесінің нормативтік құжаттарымен қол қойдырып таныстыру;

- ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 1.03-06, ҚҰЖ және ЖЖЖ талаптарына сәйкес жұмыстарды жүргізу учаскелерін және жұмыс орындарын ұйымдастыруды (құрылыс алаңдарын және жұмыстарды орындау учаскелерін қоршау, құрылыс машиналары мен тетіктерін орналастыруға арналаған алаңдарды дайындау, материалдар мен бұйымдарды жиып қою алаңдарын дайындау және т.б.) орындау;

- қауіпті жұмыстарды жүргізу аймақтарын МСТ 23407 сәйкес дабылды қоршаулармен қоршап қою;

- уақытша электр жарығын орнату бойынша жұмыстарды орындау. Жұмыс орындарының жарықтандырылуы ҚР ҚНЖЕ 1.03-05 және МСТ 12.1.046 талаптарына сәйкес келуге тиіс;

- жұмысшыларды МСТ 12.4.087 бойынша арнаулы киіммен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен және қорғаныш каскаларымен қамтамасыз ету;

- тұрғызылатын ғимараттың сыртқы қабырғаларының осьтерін белгілеуді орындау;

- ғимараттың қаңқасын тұрғызуды орындау және оны белгіленген тәртіппен акті бойынша қабылдап алу;

- такелажды жабдықтарды, құралдар мен тетіктерді жұмысқа дайындау және тексеру;

- ЖЖЖ-ға сәйкес сүйеу құралдарын орнату, сынақтан өткізу және пайдалануға қабылдау;

- тетіктерді, жабдықтарды, құралдарды, саймандарды объектіге әкелу және пайдалануға дайындау;

- объектіге талап етілетін көлемде қажетті құрылыс материалдарын жеткізу және оларды жиып қоюды ұйымдастыру қажет.

5.1.2 Кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау жұмыстарын құрамында мыналар бар бригада орындайды:

- 5 разрядты (С1) тас қалаушы – 1 адам;

- 4 разрядты (С2) тас қалаушы – 1 адам;

- 3 разрядты (С3, С4) тас қалаушы – 2 адам.

Буындар саны жұмыстардың мөлшерімен анықталады.

Сыртқы қабырғаларды қалауды және қаптауды «екілік» буындары орындайды. 5 және 3 разрядтағы тас қалаушылар жылытқышты қолдана отырып, кірпішпен қаптауды, ал 4 және 3 разрядтағы тас қалаушылар кеуекті блоктардан қабырғаларды қалауды орындайды.

Жұмыстар кешеніне мыналар қатысады:

- 6 разрядты /к 16 т автомобиль кранының машинисі (КМ1) ж – 1 адам;

- 5 разрядты ж/к 10 т мұнаралы кран машинисі (КМ2) – 1 адам;

- 2 разрядты монтаждаудағы такелажшы (Т1, Т2) – 2 адам;

- 2 разрядты қосалқы жұмысшылар (ҚЖ) – 1 адам;

- 4 разрядты (Э) электрмен дәнекерлеуші – 1 адам.

Жабық жерде қалу жұмыстарына арналған құрал-саймандық төсенімдерді орнату (орнын ауыстыру) мыналардан тұратын буын орындайды:

- 4 разрядты (Аұ1) ағаш ұстасы – 1 адам;

- 2 разрядты (Аү2) ағаш ұстасы – 2 адам.

Ілеспе жұмыстарды орындау кезінде (материалдарды буып ілу, жұмыс орнына әперу) 4 және 3 разрядты тас қалаушылардың екінші разрядтан төмен емес такелажшы куәлігі болуға тиіс.

5.1.3 Жұмыс орындарын ұйымдастыру кезінде жұмысшылардың жұмыс шебі бойымен еркін жүріп-тұру мүмкіндігі және олардың толық қауіпсіздігі қамтамасыз етілуге тиіс.

Жұмыс орнындағы кірпіштің және кеуекті бетоннан жасалған блоктардың қоры жұмыс басталғанға дейін ауысым қажеттігіне сәйкес келуге тиіс. Жәшіктердегі ерітінді қоспа 40-45 минут жұмыс есебімен қалаудың басталуынан бұрын беріледі. Жұмыс барысында кірпіштің, кеуекті бетоннан жасалған блоктардың және ерітінді қоспаның қоры толтырылып отырады.

Биіктігі 1,2 м дейінгі қабырғаларды қалау жұмыстары жабын тақташаларынан, ал 1,2 м – сүйеу құралдарынан жүргізіледі.

Сыртқы қабырғаларды қалау жұмыстары ЖЖЖ-да анықталған қармаулар бойынша жүргізіледі.

5.1.4 Қоршауға арналған материалдар мен бұйымдарды жұмыстарды орындайтын орынға әперу сүйеу құралдарына түсетін есептік жүктеме ескеріле отырып, олардың шығындалу шамасына қарай монтаждау крандарының көмегімен жүзеге асырылады. Төселімге материалдарды артық тиеуге рұқсат етілмейді.

5.1.5 Қаламаны арматуралау және қабырғалардың қапталатын үстіңгі бөлігінің салынатын бөлшектерін орнату мынадай негізгі факторлар ескеріле отырып, жобалау құжаттарында анықталады:

- қабаттың биіктігі;
- терезе ойықтарының өлшемдері;
- жылу оқшаулағыш тақташалардың өлшемдері;
- қаптау кіршінің өлшемдері.

5.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы

Жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау мынадай технологиялық жүйелілікпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар:

- кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау;

в) қосалқы жұмыстар:

г) қорытынды жұмыстар.

Жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 12-суретте келтірілген.


5.2.1 Дайындық жұмыстары

Жұмыстарды жүргізуді бастау алдында жұмысшылар шеберден (прораб) тапсырма, жұмыстарды жүргізу тәртібі және оларды қауіпсіз орындау туралы нұсқаулар алады, жобаның жұмыс сызбаларымен, жұмыстарды жүргізу жобасымен және осы технологиялық картамен қол қойып танысады. Құралдарды, тетіктер мен материалдарды, сондай-ақ, жеке қорғаныш құралдарын алады.

Кірпішпен қапталған кеуекті бетоннан жасалған блоктардан тұрғызылған қабырғалардың цокольге, бірінші қабаттың еденіне және жертөлеге жанасатын жерлерінде гидроқшаулауы болуға тиіс.

Қапталған қабырғаның бірінші қатарын орнатуға дейін негіздің деңгей бойынша тегістігін тексеру орындалады. Негіз металл щеткалармен батпақтан, әктен және майдан

тазартылады.



- 1 – қаптау кірпішінен жасалған кірпіштің қалануы
- 2 – сыртқы қабырғаны кеуекті бетоннан жасалған блоктардан қалау;
- 3 – жылытқыш;
- 4 – арматура шыбығы;
- 5 – металл тормен қалауды күшейту
- 6 - құралдары бар жәшік;
- 7 – металл торды жиып қою;
- 8 – кеуекті бетоннан жасалған блоктарды жинап қою;
- 9 - ерітінді қоспасы бар жәшік;
- 10 – арматуасы бар жәшік;
- 11 – керамикалық кірпішті жиып қою;
- 12 – жылытқышты жиып қою;
- 13 – жабын тақташасы;

ТҚ1 - ТҚ3 - ғимарат қабырғасын қаптау кезіндегі тас қалаушылардың жұмыс орындары;

ТҚ2 - ТҚ4 - сыртқы қабырғаны тұрғызу кезіндегі тас қалаушылардың жұмыс орындары

12-сурет – Жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау (мысалы қоршау тақташасынан қалауды орындау) кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы

5.2.2 Негізгі жұмыстар

Қабырғалады қалау көп тізбекті жүйе бойынша жүргізіледі. Қалаудың екінші және үшінші қатарлары арасындағы жікті орап матау (перевязка) жарты блоктан орындалады. Қабырғаларды қалау белдеу бойынша орындалады. Белдеудің биіктігі 120 см-ден аспауға тиіс. Бірінші белдеуді қалау төмен орналасқан қабаттың қоршауынан, ал 1,2 м жоғары биіктікте – төселімнен жүргізіледі.

Кірпішпен бір мезгілде қаптай отырып, сыртқы қабырғаларды қалау кезінде қапталатын қатар қаптаудың бір қатарының биіктігінде қабырға блоктарынан бұрын қалануға тиіс.

Қалау реттік қатарларды бекітуден және айлақтық жіпті ғимараттың болашақ қабырғаларының периметрі бойынша созудан басталады.

Реттік қатарлар мен айлақшалар қаламаның көлденеңдігін қамтамасыз ету, көлденең жіктердің қажетті қалыңдығын сақтау үшін және жанасатын қабырғалардағы қатарлардың дұрыс қатарласуы үшін орнатылады.

Реттік қатарлар (металл немесе ағаш рейка) бұрыштар бойынша және қабырғалардың тік учаскелерінде кемінде 12 аралықпен орнатылады және әрбір қатардың керткітері бір көлденең жазықтықта болатындай түрде тіктеуіш және деңгей бойынша салыстырып тексеріледі. Қаламаны тұрғызу барысында реттік қатарларды бекітуге арналған қапсырмалар салынады. Қаламаны көлденең қатарларының дұрыс орналасуы үшін қалыптау қатарларын қалау кезінде бағыттаушы болып табылатын айлақтық жіп қолданылады. Ол қаламаның үстіңгі қатары деңгейінде оның сыртқы жақтан үстіңгі бетінен 2-3 м арақашықтықта тартылады және реттік қатарларға бекітіледі. Айлақша жіктерге қағып кіргізілетін қапсырмаға немесе шегеге бекітіле отырып, әрбір қатар үшін тартылады. Айлақшаның иілуін болдырмау үшін оның астынан әрбір 4-5 м оны төсемдерге орнатылған екінші кірпішке сықпалай отырып, маякты кірпіш орнатылады. Кейінгі қатарларды қалау кронштейнді қатардың биіктігіне ауыстырып қою жолымен орындалады.

Тұрғызылатын қабырғаның әрбір кейінгі белдеуін қалау алдыңғы белдеудің қалануының жобалық беріктігі қалыптасқаннан кейін орындалады, жұмысшылардың жаңадан қаланған жермен жүруіне тыйым салынады.

Қаптаманың төсемдік қатарлары әрбір 4 қатар сайын кеуекті бетоннан жасалған үшкір қатарлармен байланады, сондықтан қабырғаларды қалау үшкір қатардан басталып, мынадай технологиялық жүйелілікпен қаламаның 5 қатарын (қаптама бойынша) материалмен толықтай толтыра отырып жүргізіледі:

- қабырғаның периметрі бойынша бұрыштар мен жанасуларды біркелкілеу орындалады;

- ось бойымен ойықтардың, ішкі қабырғалардың сыртқы қабырғаларға жанасуларының орналасқан жерлері белгіленеді;

- қалыңдығы 12 мм цемент-эк ерітінді қоспасына сыртқы қаптаудың шеткі маякты кірпіштері орнатылады;

- маякты кірпіштердің төбесі деңгейінде бүйірлік шектен 2-3 мм арақашықтықта маякты жіп тартылып бекітіледі. Жіптің иілуін болдырмау үшін 6 м асатын қабырғаның (аралық қабырға) ұзындығы бойына аралық маякты кірпіштер орнатылады;

- сыртқы қаптауға арналған кірпіш поддоннан беріледі және қабырға осы бойымен ретімен жинастырылады;

- негізге қалыңдығы 12 мм ерітінді қоспа жайылып төселеді;

- қабырға ұшының сыртқы қаптауының бірінші қатары және маякты кірпіштер арасындағы бірінші үшкір қатар орындалады. Кірпіштер бір-біріне жігінің 10 мм «Ерітінді қимасымен жапсарласа» қаланады;

- қалаудың сыртқы қаптауының барлық қатары орнатылғаннан кейін тік жіктегі бос кеңістік ерітінді қоспамен толтырылады;

- бірінші қатар бойымен шеткі маякты кірпіштер орнатылады және айлақтық жіп ауыстырылады. Қабырғаның бұрыштарында биіктігі бойынша бірнеше кірпіштер қаланады;

- маякты кірпіштер арасында үшкір қатарға ұқсас қабырғаның сыртқы қаптауының

кейінгі төсемдік қатарлары (биіктігі бойынша 4) қаланады. Төсемдік қатарлардың аралық қабырғаларын қалау төртіншісі орнатыла отырып, жүргізіледі;

- ұқсас қабырғаның сыртқы қаптауының орындалған қатарлары тігінен және көлденеңінен екі жазықтықта тексеріледі;

- жылытқыш тақташалары металл рулетка көмегімен белгіленеді және қажеттілігіне қарай салынған белгі бойынша арнайы арамен бөліктерге бөлініп араланады;

- жылытқыш тақташалары сыртқы және қаптау қабырғасының бірінші үшкір қатарының кірпіштерінің арасына қаланады. Тік саңылау 10 мм құрауға тиіс;

- қабырға бойымен қалауға қажетті кеуекті бетоннан жасалған блоктар (бұдан әрі мәтін бойынша блоктар) салынады;

- негізге (қабырға қалануының бірінші немесе екінші қатары толтырылған) күректің көмегімен ерітінді қоспа беріледі және біркелкі бөлініп, үстіңгі бөлік бойымен кельмомен тегістеледі;

- ерітінді қоспа қабатына бірінші қатардың блоктары қаланады. Блоктарды қалау 10 мм тік жіктермен орындалады. Барлық блоктар қаланып болғаннан кейін тік жіктер ерітінді қоспамен толтырылады. Сәйкесінше блоктың $\frac{1}{2}$ тік жіктері жүргізіліп блоктардың келесі қатары қаланады;

- блоктар қаланғаннан кейін сыртқы қаптау орындалады;

- кірпіштен қаптауды орындағаннан кейін блоктардың кейінгі қатарларын қалау және т.б. орындалады.

Ішкі және сыртқы қабырғалар жанасатын жерлерде (жобаға сәйкес) қалану қатары арқылы кірпіштің $\frac{1}{2}$ шығару орындалады.

Қабырғалар 800 мм адыммен өзара арматуралық дәнекерлермен (диаметрі 12 мм шыбықтар) байланыстырылады.

Қаптау қабатын және сыртқы қабырғаны жобада көзделген орындарда қосу үшін арматура торлары орнатылады. Торлармен арматуралау ерітінді қоспа қабатында қаланудың үшкір қатарларлары орындарында орындылады.

Қаптауды қалаудың салынатын бөлшегі қолмен доғалық дәнекерлеу көмегімен жабынның салмалы бөліктеріне ерітіп жапсырылады.

Сыртқы қабырғалардың қаламасын орнату кезінде мынадай қағидаларды ұстану қажет:

- ерітінді қоспаны мерзімді түрде араластыру қажет;

- әрбір қабаттың қабырғалары қаланып болғаннан кейін көлденеңінен құралдық тексеруді және қалаудың үстіңгі бөлігін белгілеуді жүргізу қажет;

- қалаудың үстіңгі бөлігін белгілеу маңдайшалар орнатылатын орындарда тексеріледі;

- қарқынды атмосфералық жауын-шашын кезінде жаңадан қаланған қаламаны ылғалданудан қорғау қажет.

Қабырғаларды қалауды орындау кезінде кірпішті іріктеу және қайла балғаның көмегімен қажетті өлшемдерге дейін соққылау орындалады.

Блоктарды қалау кезінде оларды аралау орындалады. Блоктарды аралау жұмыстар барысында тікелей мынадай жүйелілікпен орындалады:

- металл рулеткамен блокты аралау үшін қажетті өлшемдер алынады;

- блок белгіленеді;

- қатты балқитын тістері бар қол арамен салынған белгі бойымен блокты аралайды.

Қаптаманың жіктерін сөгу қалаумен бір мезгілде жүзеге асырылады, бұл ретте алдымен көлденең жіктер, ал содан кейін тік жіктер сөгіледі. Жіктерді сөгу операциясы екі әдіспен орындалады: алдымен сөгудің кең бөлігімен, содан кейін жіктің үстіңгі бетін ескі шүберекпен ысқылағаннан соң барынша тар бөлігімен.

Қаптау кірпішін қалау кезінде жіктерге ерітінділердің толтырылуына, әрбір кірпіштің дұрыс орналасуына, жалпы тігінен қалануға ерекше көңіл бөлу қажет.

Ø 12 АШ арматура шыбығын айналдыра қоршау кезінде блоктарда 50 мм терендіктегі штрабты кесу талап етіледі, ал қаптауды қаламасының жабын арқылы өтуі кезінде қоршаудың қаланатын бөлшегіне пластинаны және қалаудың қаптамасын күшейту үшін бұрышты ерітіп жапсыру қажет.

Қалаудың тіктігін қалану биіктігінің әрбір метріне кемінде екі рет тігінен өлшеп тексереді. Қалаудың көлденеңдігі деңгейге байланысты қағидамен тексеріледі. Қалаудың қалыңдығы метрмен, жіктердің байлануы – сыртқы қарап шығумен тексеріледі.

Жұмыстарды орындау барысында төселімдерді жұмыстарды жүргізу шебінің бойымен және қабаттан қабатқа ауыстыру жүргізіледі.

5.2.3 Қосалқы жұмыстар

Материалдарды жинап қою алаңдарына түсіру жүк көтергіштігі 10 т (ЖЖЖ бойынша) монтаждау кранының көмегімен жүзеге асырылады.

Материалдарды жұмыстарды орындау орнына әперу шығару алаңына монтаждау кранымен орындалады, одан әрі материалдар арбаға тиеліп, жұмыстарды жүргізу орнына тасылады.

5.2.4 Қорытынды жұмыстар

Жұмыстар орындалғаннан кейін жұмысшылар жұмыс орнын, материалдарды әперуге арналған алаңдарды құрылыс қоқысынан тазалайды, құралды қоректену көзінен ажыратады, құралдарды, саймандарды және пайдаланылмаған материалдарды қоймаға тапсырады.

Материалдарды, құралдарды мен саймандарды сүйеу құралдарының жұмыс төсемдерінде қалдыруға тыйым салынады.

5.3 Қысқы уақыт кезеңінде жұмыстарды жүргізу

Қыс кезінде ғимараттардың қасбетін қаптау жұмыстарын жүргізуді ҚР ҚНЖЕ 5.03-37 және жұмыстарды жүргізу жобасының талаптарына сәйкес орындау қажет.

Қыс жағдайларында қабырғаларды керамикалық кірпішпен қаптау жұмыстарды жүргізу жобасында көзделген аязға қарсы қоспалармен алдын-ала дайындалған ерітінді қоспасымен орындалады.

Шығарылатын қоспаға қоса берілетін ұсынымдарға сәйкес оны жылдың суық кезінде қолдану сыртқы ауа температурасы 0 –ден минус 10 °С дейін болған кезде мүмкін болады.

Жабуды суық сумен орындау ұсынылады.

Су қосылғаннан кейін ерітінді қоспа бір сағат ішінде әзірленуге тиіс.

Талап етілетін температураны сақтау үшін тас қалаушылардың жылытылған ерітінді жәшіктері (қауға) пайдаланылады. Ерітінді қоспаның температурасы плюс 5 °С-ден төмен болмауға тиіс.

Ерітінді қоспа қысқа жүйектермен төселеді және қаптау төмен орналасқан қатардағы ерітінді қоспа жоғарыда орналасқан қатарлардың салмағымен қатуға дейін тығыздалуы үшін мүмкіндігінше жылдам орындалады.

Мұз болып қатқан, сондай-ақ, ыстық сумен қыздырылған ерітінді қоспаны пайдалануға тыйым салынады.

Жұмыстағы үзілістер кезінде ерітінді қоспаны қалаудың үстіңгі қатарына төсеуге рұқсат етілмейді. Жұмыстағы үзілістер уақытында мұздануынан және қар борасынында қалуын болдырмау үшін қаламаның үстіңгі бөлігін бүркеп қою керек.

Жіктердің қалыңдығы жазғы уақыт кезеңінде орындалған қалау үшін белгіленген қалыңдыққа сәйкес келуге тиіс.

Қыс жағдайларында жұмыстарды жүргізу жобасының талаптарын қатаң сақтау, байламның дұрыстығына, жіктердің өлшемдеріне, қатарлардың көлденеңдігіне,

ТК 5.02-01-2011

бұрыштардың тіктігіне тұрақты бақылауды жүзеге асыру қажет.

5.4 Кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау жұмыстарын жүргізудің операциялық картасы 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау жұмыстарын жүргізудің операциялық картасы

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдық, құрал, саймандар, құрылғылар), машиналар, тетіктер мен жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
1	2	3	4
Дайындық жұмыстары			
Дайындық жұмыстары	-	5 разрядты (Тқ 1) тас қалаушы, 4 разрядты (Тқ 2) тас қалаушы, 3 разрядты (Т3, ТҚ4) тас қалаушы, 2 разрядты (Тқ1,Тқ2) такелажшы, 4 разрядты (Аұ1) ағаш ұстасы, 2 разрядты (Аұ2) ағаш ұстасы, 4 разрядты (Э) электрмен дәнекерлеуші, 5 разрядты (КМ) кран машинисі, 2 разрядты қосалқы жұмысшы(ҚЖ)	Жұмысшылар техникалық персоналдан нұсқаулар алады, жобаның жұмыс сызбаларымен, ҚҰЖ-бен, ЖЖЖ-мен және осы технологиялық картамен танысады, қажетті құралды, қоймадағы саймандарды және материалдарды алады және олардың жарамдылығын тексереді, қажет болған жағдайда оларды ауыстыруды орындайды

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Негізгі жұмыстар			
Негізді тазарту	Сыпырғы	Тқ3	Тқ3 сыпырғының көмегімен жылытқышты төсей отырып, керамикалық кірпішпен сырты қапталған кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды қалау құрылғысы астындағы негізді тазалайды
Реттік қатарларды орнату және айлақтық жіпті керу	Айлақтық жіп, саймандық реттік қатар, айлақтық қапсырма, құрылыс деңгейі, тіктегіш	Тқ1, Тқ2, Тқ3, Тқ4	Тқ1 мен Тқ2 бұрыштық және аралық реттік қатарларды орнатады және әрбір қатардың керткітері бірдей көлденең жазықтықтарды орналасуы үшін оларды тіктегіш және деңгей бойынша салыстырып тексереді Тқ3 пен Тқ4 реттік қатарлардағы тесіктердің сыртына айлақтық жіпті бекітеді. Айлақтық жіпті жылжымалы қамыт сыртынан бекітуге болады
Кірпішпен сыртын қаптай отырып және жылытқышты орната отырып, қабырғаларды кеуекті блоктармен қалау	Ерітіндіге арналған жәшік, құрылыс деңгейі, жалпақ күрек, тас қалаушы балғасы, айлақтық жіп, металды кесуге арналған қайшылар, өлшегіш металл рулетка, қайла-балға, саймандық төсемдер	Тқ1, Тқ2, Тқ3, Тқ4	Тқ1 мен Тқ3 қабырғалардың осын белгілеуді орындайды. Тқ1 сыртқы қаптаудың маякты кірпіштерін қалайды. Тқ1 мен Тқ3 айлақшаны маякты кірпіштер бойынша кереді. Тқ1 мен Тқ3 кірпіштен сыртқы қаптаманы қалауды орындайды. Тқ2 мен Тқ4 кеуекті бетоннан жасалған блоктарды қалауды орындайды. Тқ3 пен Тқ4 қалау барысында ерітінді қоспаны алып береді және сыртқы қаптаманы және қабырғаны қалау кезінде кірпішті және блоктарды ретімен жинайды. Тқ3 пен Тқ4 қаламаны көтеру барысында сыртқы қабырға мен қаптау арасындағы аралықты оларды оны бойынша өлшеп кесе отырып тақташалармен толтырады. Тқ1 мен Тқ2 қалау барысында жобаға сәйкес кеуекті блоктардағы штрабтарды арамен кесе отырып, арматуралық торларды және байланысты өлшейді, кеседі және қалайды

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Салынатын бөлшектерді орнату	Металл щетка, шүберек, термопенал, қолмен доғалық дәнекерлеуге арналған дәнекерлеу аппараты, электрод ұстағыш, дәнекерлеушінің қалыбы, саймандық төсемдер	Э	Э жабынның салынатын бөлшектерін бетонның қақтарынан және тотты щеткамен тазалайды және жабынның салынатын бөлігіне қолмен доғалық дәнекерлеу арқылы қаламаны бекітудің салынатын бөлшегін ерітіп жапсыруды орындайды. Э жіктерді қождан тазартады, оларды тексереді және жіктерді өлшеуді орындайды
Кеуекті бетоннан жасалған блоктарды қолмен кесу	Рулетка, бұрыштық, ара, пышақ	ТҚ3	ТҚ3 блоктарды кесу үшін рулеткамен қаламаның көлемін қысқартады. Блокты поддоннан алып, кесу орнына апарды. Рулетка және бұрыштық көмегімен блокты белгілейді және арамен блокты қажетті өлшемдерге кесуді орындайды, содан кейін келісілген блокты қалау орнына апарды
Қалаудың дұрыстығын тексеру	Бұрыштық, ереже, деңгей, тіктегіш, өлшегіш металл рулетка	ТҚ1	ТҚ1 үшбұрышты ағаш сызғышпен ғимараттың бұрыштарын қалаудың дұрыстығын бақылайды, қаламаның көлденеңдігін қағидамен және деңгеймен тексереді, қабырғалардың тіктігін деңгеймен және тіктеуішпен тексереді, содан кейін аралық қабырғалардың ұзындығын рулеткамен тексереді
Айлақшаның орнын ауыстыру	Айлақтық жіп, реттік қатар	ТҚ3, ТҚ4	Сыртқы қашықтық қабырғасының бірінші немесе кезекті қатарын қалауды аяқтағаннан соң ТҚ2 және ТҚ4 айлақтық жіптің созылуын белгілегішті бәсеңдетеді, содан кейін қамытты көтеріп, оны келесі қатардың тәуекеліне орнатып, бұрандамен бекітеді

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Қосалқы жұмыстар			
Материалдарды түсіру	Монтаждау краны, ілмектер, арқан кергіштер	КМ, Т1, Т2	Т1 және Т2 контейнерлерді (поддондарды) материалдары бар пакеттерді ілуді орындайды. Т1 КМ-ға түсіруге (көтеруге) нұсқау береді, қауіпсіз арақашықтыққа шегінеді. КМ кранмен материалдарды жинау орнына әпереді. Т1 және Т2 материалдарды қабылдап, оларды бөліп бууды орындайды
Материалды жұмыстарды орындау орнына әперу	Монтаждау краны, ілмектер, кергіштер	Т1,Т2, ТҚ3, ТҚ4, КМ, ҚЖ	Т1 жәнеТ2 контейнерлерді (поддондарды) материалдары бар пакеттерді ілуді орындайды және қауіпсіз арақашықтыққа шегінеді. Т1 МК-ға түсіруге (көтеруге) нұсқау береді. КМ кранмен материалдарды шығару алаңына әпереді. ТҚ3 пен ТҚ4 материалдарды қабылдап, оларды бөліп бууды орындайды ҚЖ материалдарды арбаға артады және жұмыстарды жүргізу орнына тасиды
Саймандық төсенімдердің орнын ауыстыру	Монтаждау краны, ілмектер, саймандық төсенімдер	Аұ1, Аұ2,КМ	Аұ1,Аұ2 және МК төсенімдерді қабат шегінде және қабаттарға монтаждау краны көмегімен жеткізеді
Қорытынды жұмыстар			
Қорытынды жұмыстар	Күрек, сыпырғыш, қоқысқа арналған ыдыс	ТҚ1, ТҚ2, ТҚ3, ТҚ4, ҚЖ	Жұмыстарды орындағаннан кейін жұмысшылар жұмыс орнын тазалап, құралдарды, құрылғыларды және қалған материалдарды қоймаға өткізеді

6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте - Кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі

қабырға конструкциясының 1 м³

р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	НТҚ атауы және белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
1	Өлшемі 250 мм x120 мм x 65 мм керамикалық қаптағыш кірпіш	МСТ 530	дана/м ³ /т	124/0,24/ 0,39
2	Тығыздығы 500 кг/м ³ 200 мм x190 мм x 410 мм кеуекті бетоннан жасалған блоктар	МСТ 21520	дана/м ³ /т	28,5/0,44/ 0,22
3	М 50 маркалы цементті-эк тұтқырындағы қолдануға дайын ерітінді қоспа (ҚДЕК)	МСТ 28013	м ³ /т	0,108/ 0,19
4	Қалыңдығы 100 мм жылытқыш тақашалары	МСТ 9573, МСТ 15588	м ³ /м ² /т	0,25/2,54/ 0,051
5	Металл сымды тор: С2Ø5У-1 100x100 (биіктігі бойынша блоктарды қалаудың 3 қатарынан кейін)	-	м ² /кг	1,5/0,26
6	Металл сымды тор: С1Ø5У-1 100x100 (биіктігі бойынша кірпішті қалаудың 3 қатарынан кейін)	-	м ² /кг	1,49/0,25
7	Ø 12 А-III анкерлік шыбығы	-	кг	0,8
8	СБ1 салмалы бөлшек	-	дана	1
9	Э-46 типіндегі электродтар, жігі 4 мм	-	кг	Факті бойынша

6.2 Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтардың, құралдардың, саймандардың және құрылғылардың тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте- Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтардың, құралдардың, саймандардың және құрылғылардың тізбесі

буынға - 9 адам

р/с №	Атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
1	Монтаждау краны	Материалдарды түсіру және әперу	Q = 10 т, Q = 16 т	2
2	Саймандық төсенімдер	Кірпішпен қапталған сыртқы қабырғаларды қалау	-	1
3	Ілмек арқан	Материалдар мен бұйымдарды буып ілу	Ж/к = 5,0 т	1
4	Ілмек арқан	Материалдарды буып ілу	Ж/к = 1,0 т	4
5	Ілмек арқан	Материалдар мен бұйымдарды буып ілу	Ж/к = 5,0 т	3
6	Қолмен доғалық дәнекерлеуге арналған дәнекерлеу аппараты	Дәнекерлеу жұмыстары	Кернеу 20 В-тан 35 В-қа дейін, Ток күші – 45 А-ден 315 А-ге дейін	1
7	Ерітіндіге арналған жәшік	Ерітіндіні сақтау	Сыйымдылығы 0,25 м ³	2
8	Қол қайшылары	Шыныторды, тоқыма сымды кесу	-	2
9	Электрод ұстағыш	Электродтарды ұстағыш	300А	1
10	Электр ұзартқыш	Электр аспаптарын қосу	Ұзындығы 50 м	2
11	Зембілдер	Материалдарды жеткізу	-	1
13	Теодолит	Геодезиялық жұмыстар	-	1
12	Термопенал	Электродтарды сақтау	-	1
13	Өлшегіш металл рулетка	Сызықтық өлшемдер	Ұзындығы 5000 мм, бөлу бағасы 1 мм	1
14	Бұрыштық	Бақылау құралы	90°	1
15	Өлшегіш сызғыш	Сызықтық өлшемдер	Ұзындығы 500 мм, бөлу бағасы 1 мм	1
16	Штангенциркуль	Бақылау құралы	бөлу бағасы 1 мм	1

3-кесте (жалғасы)

р/с №	Атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
17	Штанген тереңдік өлшегіш	Бақылау құралы	-	1
18	Құрылыс деңгей өлшегіші	Бақылау құралы	-	1
19	Құрылыс тіктеуіші	Бақылау құралы	-	1
20	Бақылау рейкасы	Бақылау құралы	Ұзындығы 2,0 м	1
21	Айлақтық жіп	Кірпішпен қаптау	-	2
22	Жай-күй	Қабырғаларды қалау	-	1
24	Құралдарға арналған жәшік	Құралды сақтау	-	2
25	Болат құрылыс балғасы	Жылытқыш тақталарын бекіту	Салмағы 0,3 кг	2
26	Шелек	Қоқысты жинау	-	1
27	Ерітіндіге арналған күрек	Ерітінді төсемін төсеу, ерітіндіні күрекпен қару	-	2
28	Тас қалаушы кельмолары	Ерітінді қоспаны тегістеп жаю	-	2
29	Қайла-балға	Кірпішпен қаптау	-	2
30	Қол ара	Жылытқышты кесу	-	1
31	Пышақ	Жылытқышты кесу	-	2
32	Металл щетка	Үстіңгі бетті дайындау, жіктерді тазалау	-	2
33	Дәнекерлеуші қалыбы	Жіктерді өлшеу	-	Жиынтық
34	Құрылыс каскасы	Қорғаныш құралы	-	бригадаға
35	Сақтандыру белдігі	Қорғаныш құралы	-	бригадаға
36	Сақтандыру арқаны	Қорғаныш құралы	-	ЖЖЖ бойынша
37	Қорғаныш қалқаны	Қорғаныш құралы	-	1
38	Арқан кергіштер	Түсіру кезінде материалдарды ұстап тұру	Ұзындығы 10 м, диаметрі 16 мм-ден 25 мм-ге дейін	4

3-кесте (жалғасы)

р/с №	Атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
39	Костюм	Қорғаныш құралы	-	бригадаға
40	Арнайы қолғаптар	Қорғаныш құралы	-	бригадаға
41	Қорғаныш көзілдірігі	Қорғаныш құралы	-	бригадаға
42	Қорғаныш аяқ-киім	Қорғаныш құралы	-	бригадаға
43	Өртсөндіргіш	Қорғаныш құралы	-	ЖЖЖ бойынша
44	Қол арба	Жүктерді тасымалдау	-	2
45	Дәрі қобдишасы	Қорғаныш құралы	-	бригадаға

7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар

Кеуекті бетоннан жасалған блоктардан сыртқы қабырғаларды бір мезгілде қалаумен жылытқышты қолдана отырып, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар технологиялық процестерді бақылау картасында келтірілген (4-кесте).

4-кесте – Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе операцияларды жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшем, сынақ құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, ақаулық, дәлдік сыныбы	
Кіріс бақылауы										
Жылытқыш тақташалары	Марка	Жоба бойынша	Рұқсат етілмейді	Жинап қою алаңы	Тұтас	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	Сапа туралы құжат, жеткізуші паспорты		Кіру бақылауының журналы
ама	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-		-«-
керамикалық кірпіш	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-		-«-
Қолдануға дайын ерітінді қоспа ҚДЕҚ	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-		-«-
Металл тор	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-		-«-
Анкерлік шыбық	Диаметрі, мм	8	-«-	-«-	-«-	-«-	Өлшегіш (МСТ 26433.1)	Штангенциркуль	0,01 мм	-«-
Кеуекті бетоннан жасалған блоктар	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай		Бұл да сондай

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе операцияларды жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшем, сынақ құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, ақаулық, дәлдік сыныбы	
Салмалы бөлшек	Маркасы	СБ-1	Рұқсат етілмейді	Жинап қою алаңы	Тұтас	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	Сапа туралы құжат, жеткізуші паспорты		Кіру бақылауының журналы
Электродтар	Бұл да сондай	Э-46	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	
Операциялық бақылау (ҚР ҚНЖЕ 5.03-37, 33-кесте)										
Жылытқышты қолдана отыры, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау	Конструкцияның қалыңдығы, мм	Жоба бойынша	15	Жұмыстарды жүргізу учаскесі	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшегіш (МСТ 26433.2)	Өлшегіш металл сызғыш	Өлшем диапазоны 0 мм-ден 500 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	Жалпы жұмыс журналы
	Тірек үстінгі бөліктерді белгілері	Бұл да сондай	-10	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай
	Аралық қабырғалардың ені, мм	-«-	-15	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-
	Ойықтардың ені, мм	-«-	+15	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-
Тік осьтердің ойықтардың терезе осьтерінен тігінен ығысуы, мм	-«-	20	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	Теодолит (МСТ 10529)	-	-«-

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе операцияларды жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшем, сынақ құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, ақаулық, дәлдік сыныбы	
Жылытқышты қолдана отыры, ғимараттардың қасбетін кірпішпен қаптау	Қалама жіктерінің қалыңдығы: - көлденең мм - тік, мм	12 10	-2, +3 ±2	Жұмыстарды жүргізу учаскесі	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшегіш (МСТ 26433.2)	Өлшегіш металл сызғыш	Өлшем диапазоны 0 мм-ден 500 мм-ге дейін, бөлу бағасы 1 мм	Жалпы жұмыс журналы
